

Әбілда Қ.

Алаштың ардақтысына арналған еңбек / Қ. Әбілда // Орталық Қазақстан. - 2005. - 24 наурыз



Жақында Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің баспаханасынан осы оқу орнындағы журналистика бөлімінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Қойлыбай Асановтың «Евней Букетов - публицист» атты кітабы жарыққа шықты. Кітап академик-ғалым, жазушы-публицист Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойына арналып шығарылған. Журналистика факультеті студенттеріне, талапкер журналистерге, көпшілік оқырмандарға арналған бұл оқулықты ғылым мен әдебиеттің тамыры бір деп, «селен мен өлеңді»

жүрегіне қатар ұялатқан, оны шығармашылық мұрасына айналдырған Алаштың біртуар перзенті Евней Арыстанұлының мерейтойын лайықты атап өту шараларына қосылған сүбелі еңбек деп бағалауға болады.

Көпшілік Евней Арыстанұлын ғылым докторы, профессор, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ССРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі деп таниды. Алайда, біз оның публицистік қырының қарым-қабілетін ғылыми тұрғыда толық танып-білдік деп айта аламыз ба? Міне, осы сауалпыңжай-жапса-рына ғалымның өмір тарихын біраз жылдардан бері түбегейлі зерттеп жүрген Қойлыбай Асанов өзінің осы еңбегінде жан-жақты жауап іздейді. Жауап тауып қана қоймай, сегіз қырлы, бір сырлы Евней Арыстанұлын көпшілік қауымға жаңа бір қырынан таныстырып, тұма бұлақтың көзін ашқан.

Аталған еңбек Е. Бөкетовтің публицистикалық шығармашылығын егжей-тегжейлі зерттеуге және ғылыми тұрғыда талдауға құрылған. Кітапта Е.Бөкетовтің 1953-1983 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми-публицистикалық шығармалары мен кейінгі жылдардағы баспасөзде, ғылыми басылымдарда жарияланған материалдары қарастырылған.

Баспаға Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Ғылыми кеңесі мен Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған бұл кітаптың көлемі 196 беттік, тиражы – 500 дана.

Жаңа кітаптың бөкетовтану ғылымына қосылған қомақты үлес екені өз алдына, журналистика саласына апарар сүрлеуге түскен жас талаптарға таптырмас оқу құралының бірі болару анық деген үміттеміз.